



KAZATOMPROM

NATIONAL ATOMIC COMPANY

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУДЫ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ, ЯДРОЛЫҚ ЖӘНЕ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Табиғи уран өндіру бойынша әлемде көшбасшы позицияда тұрған «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басшылығы өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және қолдау, Қоғам қызметіне қатысы бар басқа да адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қоғамның және оның ЕТҰ-ларының өндірістік қызметін жүзеге асыру орындарында экологиялық қауіпсіздікті жан-жақты қолдау және табиғи табиғи ортаны сақтау үшін мүдделі тараптар алдындағы толық жауапкершілікті сезінеді және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау - қызметінің жоғары басымдығы бар мәндер

Қоғам басшылығының өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы негізгі бағыттары мен ниеттері:

- 1 Өндірістік қызмет нәтижесіне қатысты адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау басымдығын қамтамасыз ету
- 2 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам қызметі жүзеге асырылатын елдердің ұлттық заңнамасына сәйкестікті қамтамасыз ету
- 3 Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаларды іске асыруда Қоғамның және ЕТҰ-ның барлық деңгейдегі басшыларының көшбасшылығын және бейілділігін қамтамасыз ету
- 4 Қажетімді техникалық және әкімшілік тәсілдермен өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жақсартуды қамтамасыз ету
- 5 Қызметкерлердің денсаулығына ұқыпты қарауды, қызметкерлердің еңбек жағдайларын үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету
- 6 Өндірістік апаттардың алдын алу және ықтимал салдарларды азайту
- 7 Мүдделі тұлғалардың хабардар болуын және өндірістік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету
- 8 Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде озық халықаралық салалық практикаларды қолдану

Қоғам басшылығы қоғамның барлық қызметкерлеріне мынадай үндеу жасайды:

- осы Саясатты мүлтіксіз ұстану, өзіне және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау;
 - жұмыс орнындағы өндірістік қауіпсіздікті жақсартуға нақты үлес қосу;
 - жарақаттанудың кез келген жағдайлары, оның ішінде ықтимал қауіпті жағдайлар туралы хабарлау.
- Біз құпиялылық пен анонимділікті сақтауға кепілдік береміз

Қоғамның өндірістік қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіруге барлық қызметкерлердің қатысуы өте маңызды. Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында оң нәтижелерге қол жеткізген қызметкерлер, өндірістік бөлімшелер мен учаскелер ынталандырудың қолжетімді әдістерімен белсенді көтермеленуі тиіс.

Қоғамның өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясаты жоғары және төменгі буындардағы әрбір қызметкердің белсенді қатысуы және бейілділігін көрсетуі кезінде табысты іске асырылатын болады.

Қоғам қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету, Қоғам қызмет ететін аудандарда қоршаған ортаны сақтау біздің қызметіміздің жетістігінің кепілі болып табылады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Басқарма төрағасы

Мұқанов Ержан Жанәбілұлы